

Абай Қарағандыға енді жетті

Қарағанды қаласында 10 көшенің атауын өзгертуге қатысты қоғамдық тыңдау өтті. Достық үйінің үш залында өткен қоғамдық тыңдауға мыңнан аса адам қатысты. Қала тұрғындарының арасында Ленин көшесіне Абай Құнанбайұлының есімін беруге қарсы шыққандар аз болмады.

Облыс орталығындағы идеологиялық тұрғыдан ескірген көше атауларын өзгертуге жергілікті билік бір жыл дайындалды. Осыдан

екі жыл бұрын Қарағанды қаласының әкімдігі қаладағы 16 көшенің атауын өзгерткен болатын. Ол кезде қоғамдық тыңдауға 400-ге жуық адам қатысып, 90 пайыз қатысушы қолдады. Сол жолы биліктің көше атауларына жеке тұлғалардың есімін беруге тәуекелі жетпеді. Қала шетіндегі көшелерге жалпыға ортақ атауларды ұсынды. 3-кочегарка көшесіне — Ардак, Батарейная — Қайнар, Болотная — Бірлік, Коминтерн — Ынтымақ, Мануфактурная — Акқайын, Пионерская — Саялы, Рабкоровская — Серпін, Совхозная — Өркен, Социалистическая

— Арман, Торпедная — Арай, Насыпная — Жағалау, Отвальная — Талды, Паровозная — Береке, Портовская — Саяхат, Пикетная — Самал, Пахотная Тұмар болып өзгерді. Соңғы онжылдықтағы алғашқы тыңдау болғандықтан, қала тұрғындары бұл шешіммен келісті. Биыл халықты мұндай атаулармен алдарқата алмайтынын түсінген билік орталық көшелерге елге танымал, еңбегі сіңген қайраткерлер мен тұлғалардың есімін қоюды ұйғарыпты.

(Жалғасы 6-бетте)